

К.Б. Жумашева*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті**Орал, Қазақстан* <https://orcid.org/0000-0001-6405-3767>*email: kama0186@mail.ru***М.К. Ажғалиев***Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті**Орал, Қазақстан* <https://orcid.org/0000-0003-0267-5231>*email: marat_ajigaliev@mail.ru*

ГЕНДЕРЛІК ДИСКУРС: INSTAGRAM ЖЕЛІСІНДЕГІ САЯХАТШЫ БЛОГЕРЛЕРДІҢ ТІЛДІК СТИЛІ МЕН КОММУНИКАЦИЯ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Instagram әлеуметтік желісіндегі саяхатшы блогерлердің тілдік дискурсы гендерлік лингвистика тұрғысынан зерделенеді. Зерттеу нысаны ретінде қазақ тілді танымал блогерлер – Асқар Беков пен Динара Болаттың жазбалары таңдалып, олардың тілдік стилі, коммуникативтік тәсілдері мен стилистикалық ерекшеліктері жан-жақты талданады. Зерттеу барысында сапалық контент-талдау, прагматикалық және салыстырмалы лингвистикалық талдау әдістері қолданылған. Нәтижесінде ер блогердің жазбалары ресми, ақпараттық және нақты деректерге сүйенетін стильмен ерекшеленсе, әйел блогердің дискурсында эмоционалдылық, эстетикалық бейнелілік пен оқырманмен интерактивті байланыс басым екені анықталды. Авторлардың тілдік ерекшеліктері гендерлік факторлармен қатар, медиамәтіннің прагматикалық және мәдени қырларымен де тығыз байланысты. Сонымен қатар, блогерлердің аудиториямен өзара әрекеттесу тәсілдері мен тақырыптық таңдаулары да гендерлік ерекшеліктерге сай құрылатыны байқалады. Зерттеу Instagram платформасындағы қазақ тілді блогерлер дискурсының гендерлік аспектілерін ашуға мүмкіндік беріп, отандық лингвистикада жаңа бағыттың қалыптасуына негіз қалайды. Аталған зерттеу медиадискурс пен гендерлік репрезентацияны лингвистикалық аспектіде қарастыра отырып, әлеуметтік желідегі тілдік бірегейліктің ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Бұл еңбек отандық ғылымда гендерлік лингвистика мен медиакоммуникация тоғысындағы пәнаралық ізденістерге үлес қоса алады.

Түйінді сөздер: гендерлік лингвистика, медиа дискурс, қазақстандық саяхатшы блогерлер, тілдік стиль, коммуникация тәсілдері, әлеуметтік желі.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 03.04.2025

Баспаға қабылданған мерзімі: 29.07.2025

Кіріспе

Гендерлік лингвистиканың қазіргі тіл біліміндегі орны ерекше. Тіл мен гендердің өзара байланысын зерттейтін бұл бағыт – қоғамдағы әлеуметтік рөлдер, мәдени стереотиптер және тілдік бейнелеу тәсілдерінің тоғысқан нүктесі болып табылады. «Гендерлік лингвистика тілді тек коммуникация құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге жыныстық сәйкестікті қалыптастырушы және бейнелеуші күш ретінде қарастырады» (Shokym, et al., 2022, p. 273).

Гендер ұғымы – өте кең, әрі күрделі. Р. Eckert және McConnell-Ginet «Language and Gender» еңбегінде «жыныс – негізінен көбею қабілетіне негізделген биологиялық категория, ал гендер – биологиялық жыныстың әлеуметтік интерпретациясы» деп анықтама беріледі (Eckert & McConnell-Ginet, 2013, p. 25). Гендер дүниетанымның ажырамас бөлігі, әлеуметтік өмірдің өзегіне айналған, бұл тіпті бала тәрбиесінде, «көк – ұлдың, ал қызғылт – қыздың түсі» деген көзқарастан-ақ байқалады. Биологиялық ерекшеліктеріміз болғанымен, біз олардың арасындағы айырмашылықтарды көбіне асырып көрсетеміз, сөйтіп мінез-құлықты «әйелге тән» не «ер адамға тән» деп сипаттаймыз. Гендерлік лингвистика бұл ұғымды екі негізгі қырынан қарастырады: біріншіден, ерлер мен әйелдердің тілдік қолданысы мен сөйлеу актілеріндегі гендерлік ерекшеліктер; екіншіден, гендерлік сипаттардың лексикалық, грамматикалық және синтаксистік деңгейлерде көрініс табуы.

Ерлер мен әйелдердің тілді қолдану ерекшеліктері ғалымдар арасында зерттеулердің ең өзекті тақырыптарының біріне айналып келеді. Зерттеушілер ерлер мен әйелдердің сөйлеу мәнеріндегі, тілдік таңдауындағы айырмашылықтарды негізге ала отырып, тиімді коммуникацияға қалай қол жеткізуге болатынын зерттейді. А. Наас ерлер мен әйелдердің сөйлеуі формасы, тақырыбы, мазмұны және қолданылуы жағынан ерекшеленетінін атап өткен (Naas, 1979, p. 617).

Бұрынғы зерттеулерге сәйкес, ерлер көбінесе стандартқа сай келмейтін тілдік формаларды жиі қолданады, спорт, ақша және бизнес тақырыптарында көп сөйлейді, сондай-ақ уақыт, кеңістік, мөлшер, деструктивті әрекеттер, қабылдау сипаттары мен физикалық қимылдарға жиі сілтеме жасайды. Ал әйелдер, керісінше, қолдаушы, сыпайы және сезімтал болуға бейім; олар үй, отбасы, сән, тамақ дайындау сияқты тақырыптарда жиі сөйлейді және сезім, бағалау, интерпретация мен психологиялық күйді білдіретін сөздерді көбірек қолданады. Әйелдер сөйлеуде ерлерге қарағанда сыпайылық үлгілерін жиі пайдаланады деген ортақ пікір бар.

Бұл мәселені терең зерттегендердің бірі Дж. Лакофф әйелдер тілін мынадай белгілермен сипаттайды: қызығушылықтарға қатысты сөздерді қолдану, сын есімдер, сұраулы интонация, жұмсартқыштар (hedges), гипердұрыс грамматика және өте сыпайы тілдік формалар (Lakoff, 1975, p. 225). Қоғам әйелдерді «нағыз ханымша сөйлеуге» итермелегендіктен, олар ерлерге қарағанда жиі жұмсартқыш және көмескі құрылымдарды қолданады.

Лакоффтың пікірінше, ерлер мен әйелдер тек биологиялық және психологиялық жағынан ғана емес, тілдік қолданысы жағынан да ерекшеленеді. Әрқайсысының өзіндік сөз қоры мен тілдік өрнектері бар. Олар бір тілді қолданса да, сөйлесу контексті әртүрлі. Сондықтан да екі тарап бірін-бірі дұрыс түсінуі үшін бір-бірінің сөйлеу мәнеріне мән беруі қажет. Мысалы, ер адам сөйлегенде

сөздерін нақтылықпен және шынайылықпен таңдайды, әрбір сөзі нақты мағына береді (Eisenmen, 1997, p. 311). Ер адамдардың сөйлеуі құрылымды, жүйелі және эмоциядан арылған болады. Ал әйелдер сөйлегенде эмоция, сенімсіздік, шешім қабылдауда асығыстық байқалады; олардың сөйлеуінде сын есімдер, күшейткіштер, сұраулы сөйлемдер, жұмсартқыштар мен сыпайы формалар жиі кездеседі. Әйелдер қажетті сөзді таңдау кезінде жиі күмәнданады, бұл ерлерде сирек байқалады. Көптеген зерттеулер әлеуметтік диалект, синтаксис, морфология, фонетика, стиль және семантика секілді аспектілерге арналған (Holmes & Meyerhoff, 2008, p. 36). Р. Trudgill зерттеуінде ағылшын тілінде ерлер әйелдерге қарағанда стандартқа сай емес [n] формаларын көбірек қолданатынын көрсетеді (Trudgill, 1972).

Лакофф әйелдер сөйлеуіне тән ерекшеліктер ретінде сұраулы және жоғары интонациялы сөйлемдер, сын есімдер, нақты түс атаулары, күшейткіштер, гипердұрыс грамматика, сыпайы формалар, балағат сөздерден бас тарту және эмоциялы екпінді атап көрсетеді. Әйелдердің сөйлеуіндегі мұндай құрылымдар сенімсіздік пен күмәнді білдіретінін, ал күшейткіш құрылымдар тыңдаушыны сендіру үшін қосымша дәлелдер ұсынуға арналғанын айтады. Бірақ зерттеудің кейбір нәтижелері қарама-қайшы: кейбір социолингвистер ерлердің сұраулы сөйлемдерді көбірек қолданатынын айтса, басқалары гендерлік айырмашылықтар жоқ деп санайды (Lakoff, 1975). J. Holmes және Meyerhoff әйелдердің стандартты тілдік формаларды жиі қолдануы – олардың үлгілі болуға ұмтылуы, әлеуметтік мәртебеге мән беруі және қоғам тарапынан сыннан сақтануымен байланысты екендігін айтады (Holmes & Meyerhoff, 2008, p. 45).

Осылайша, әйелдер мен ерлер арасындағы тілдік ерекшеліктерді сипаттайтын теориялық тұжырымдар гендерлік лингвистика саласының аясын кеңейтіп, зерттеу нысанына айналуға мүмкіндік береді. Мәселен, С. Жанжігітов өз зерттеуінде ғылыми әдебиетке шолу жасау барысында гендерлік лингвистика бойынша жарияланымдардың саны соңғы онжылдықта айтарлықтай өскенін анықтаған. Scopus дерекқорының деректеріне сүйене отырып жүргізілген зерттеу нәтижелері 1976 жылдан 2023 жылға дейінгі аралықта бұл тақырыптағы қызығушылықтың тұрақты түрде артқанын дәлелдейді. 2023 жылы бұл салада жарияланған мақалалар саны 142-ге жеткен. Зерттеу тек сандық жағынан емес, географиялық тұрғыдан да кеңейіп, АҚШ, Ұлыбритания, Германия сынды елдерде белсенді дамып келеді. Сонымен қатар, зерттеу салалары да кеңейіп, әлеуметтік ғылымдармен қатар, психолингвистика, компьютерлік лингвистика, когнитивтік ғылым мен нейробиологияда да бұл тақырып өз орнын табуда (Zhanzhigitov, 2024, p. 19–21). Бұл деректер гендерлік лингвистика тақырыбының пәнаралық сипат алып, заманауи ғылымда тұрақты зерттеу трендіне айналғанын көрсетеді. Автор бұл салада жаңа тақырыптар мен әдіснамалардың пайда болуын ғылыми қызығушылықтың артуымен байланыстырады.

Гендерлік лингвистика саласының дамуымен қатар, бұл бағыттағы зерттеулердің жаңа медиадағы көрінісі де өзекті мәселеге айналуға мүмкіндік береді. Әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілердің коммуникация кеңістігін түбегейлі өзгертуі тіл мен гендер арақатынасын жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік желі дискурсын лингвистикалық және гендерлік аспектіде қарастыру – қазіргі тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі ретінде алдыңғы қатарға шығады.

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер адамның күнделікті өмірінде маңызды орын алып, ақпарат алмасудың, өзін-өзі танытудың және қоғамдық пікір қалыптастырудың жетекші алаңына айналды. Бұл платформаларда қалыптасқан

жаңа коммуникативтік кеңістік дәстүрлі тілдік нормаларға түзетулер енгізіп, ерекше тілдік және дискурстық үлгілердің пайда болуына ықпал етуде. Виртуалды кеңістікте қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп, оның стилистикалық, лексикалық және прагматикалық мүмкіндіктері жаңаша көрініс табуда.

Осы бағыттағы зерттеулер әлеуметтік желідегі қазақтілді мәтіндерде тілдік норма мен узустың ара-жігі жиі бұзылатынын, жазбаша ауызекі сөйлеудің кең таралғанын көрсетеді. Сонымен қатар синтаксистік және морфологиялық құрылымдарда инверсия, эллипсис, эмоционалды графикалық таңбалар, кірме сөздер мен жаргондық элементтердің белсенді қолданылуы да байқалады. Ғалымдар әлеуметтік желі дискурсының көпжанрлы, көпстильді және прагматикалық сипатына назар аудара отырып, қазақ тіліне тән желілік қарым-қатынас жаңа тілдік заңдылықтарға негізделіп келе жатқанын атап өтеді. Мұндай үдеріс тіл мәдениеті мен тілдік норма мәселесінің өзектілігін күшейтіп отыр (Салқынбай & Сәрсенбай, 2023).

Әлеуметтік желі дискурсындағы маңызды аспектілердің бірі – виртуалды тілдік тұлғаның қалыптасуы. Қазақ тілді блогосферада бұл ұғым медиа-коммуникация мен лингвистиканың тоғысқан тұсында маңызды зерттеу нысанына айналууда. Бұл ретте Қ. Искакова мен Б. Құрманова қазақстандық блогерлердің мәтіндеріндегі тілдік бірегейлік қалыптастырушы факторларды – мәдени, әлеуметтік және прагматикалық қырларынан жан-жақты талдайды. Зерттеу блог мәтіндеріне, қолданушылар реакцияларына және блогерлермен сұхбаттарға сүйене отырып, виртуалды тілдік тұлғаның өзіндік белгілерін анықтайды. Авторлар блог мазмұнының ұлттық ерекшеліктерге негізделуін, өзін-өзі таныту стратегияларын және аудиториямен тілдік өзара әрекеттесу жолдарын мысалдар арқылы дәлелдейді (Iskakova & Kurmanova, 2024). Бұл зерттеу әлеуметтік желілердегі қазақ тілді дискурстың прагматикалық құрылымын және ұлттық-мәдени кодтарын зерделеуде маңызды әдіснамалық негіз қалыптастырады.

Креативті тілдік өнімдер ретінде интернет-мемдер де қазіргі коммуникациялық кеңістікте өзіндік стилистикалық және дискурстық ерекшеліктерімен дараланады. Қ. Ерғалиев пен Н. Сеитова (2024) интернет-мемдерді креолды құрылымға ие, интермәтіндік сипатта қалыптасқан және әлеуметтік желі қолданушыларының шығармашылық өнімі ретінде қарастырады. Олар визуалды және вербалды компоненттердің өзара ықпалдастығын, прагматикалық әсер ету мүмкіндігін, сондай-ақ мемдердің желіде танымал болу және таралу механизмдерін сипаттайды. Бұл зерттеу интернет-дискурстағы жаңа тілдік бірліктерді талдауда маңызды теориялық және қолданбалы үлес қосады.

Сонымен қатар әлеуметтік желі тілі қазіргі қазақ тілінің жаңа қолданыс аясы ретінде ерекше лингвостилистикалық табиғатымен сипатталады. З. Курманбекова бұл кеңістіктегі коллоквиализация, экспрессивтілік, көпкодтылық, сондай-ақ сөйлеу стиліндегі дөрекілік пен уәжсіз көптілділік сияқты белгілерге назар аударады. Автор әлеуметтік желі тілі – ауызша және жазбаша формалардың синтезі ретінде эмоциялық бояуы қанық, бейвербалды құралдармен толыққан креолды құрылым екенін атап өтеді. Мұндай дискурс нормадан ауытқу, жедел таралу, коммуникативтік еркіндік сияқты сипаттармен ерекшеленеді (Курманбекова, 2024). Бұл тұжырымдар әлеуметтік желі қолданушыларымен қалыптасатын тілдік тұлғаның ерекшеліктерін түсінуге, оның стилистикалық және прагматикалық құрылымын жүйелі зерттеуге мүмкіндік береді.

Осы аталған ғылыми тұжырымдар мен зерттеулер әлеуметтік желілер дискурсындағы лингвостилистикалық ерекшеліктер мен виртуалды тілдік тұлғаның қалыптасу үрдістерін кеңінен сипаттайды. Бұл бағытта жүргізілген жұмыстар қазақтілді интернет кеңістігінің ерекше тілдік заңдылықтармен дамып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар әлеуметтік желі платформалары тек тілдік ерекшеліктердің көрініс табуымен шектелмей, гендерлік дискурс табиғатын да жаңа қырынан танытуда. Әсіресе Instagram тәрізді визуалды-контентке негізделген желілерде блог жүргізу – гендерлік рөлдер мен тілдік репрезентациялардың көрініс беретін маңызды алаңына айналуға.

Instagram желісінде блог жүргізу тек ақпарат таратудың құралы емес, сонымен қатар коммуникативтік және лингвистикалық зерттеулердің өзекті нысанына айналды. Бұл платформаларда саяхатшы блогерлер ерекше орын алады. Олар тек ел аралап, әсерімен бөлісіп қана қоймай, мәдениетаралық коммуникацияның жаңа формаларын ұсына отырып, аудиториямен өзара әрекеттесудің заманауи тілдік үлгілерін қалыптастырады.

Мұндай дискурстарда гендерлік ерекшеліктердің көрініс табуы – лингвистикалық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі.

Бұл бағытта жүргізілген бірқатар зерттеулер әлеуметтік желілердегі блогерлік дискурстың гендерлік ерекшеліктерін талдауға негіз бола алады. Атап айтқанда, блог платформаларындағы тілдік құрылым мен коммуникативтік стратегияларды зерттеу арқылы әйелдер мен ерлер арасындағы дискурстық айырмашылықтарды анықтауға болады.

Z. Amir және оның әріптестері малайзиялық жасөспірім блогерлердің тілдік қолданысын талдай отырып, олардың блог жазбаларында қолданатын тілдік ерекшеліктерінде айқын гендерлік айырмашылық бар екенін көрсетеді. Зерттеу барысында *«интенсификаторлар»*, *«күңгірттеуіштер»* (hedging), *«қосымша сұрақтар»* (tag questions), *«бос сын есімдер»* және *«үстеулер»* сияқты тілдік құралдардың жиілігі бойынша айырмашылықтар анықталған (Amir, et al., 2012, p. 112–121). Бұл зерттеу блогерлік дискурста гендерлік ұстанымдар мен стереотиптердің маңызды рөл атқаратынын, блогерлік дискурстағы гендерлік айырмашылықтардың сөйлеу әдептері мен прагматикалық интенцияларға қалай ықпал ететінін көрсетеді. Әсіресе жастар арасындағы гендерлік тілдік репертуарлардың қалыптасуы әлеуметтік желідегі гендерлік рөлдердің қайта құрылуымен тығыз байланысты. Блогерлердің жазбалары арқылы гендерлік нормалар орнығып қана қоймай, оларды қайта қарау мен трансформациялау алаңына айналуға.

S. Argamon және авторлар тобы блогосферадан алынған 140 миллион сөзді қамтитын ірі көлемді мәтіндік мәліметтерді талдау арқылы жас және ересек, сондай-ақ ер мен әйел блогерлер арасындағы дискурстық айырмашылықтарды зерттеген. Авторлар ерлердің дискурсы көбіне сыртқа бағытталған, яғни деректер мен оқиғаларға сүйенсе, әйелдердің дискурсы ішкі бағыттағы – эмоцияға, тәжірибеге негізделетінін көрсетеді (Argamon, et al., 2007). Бұл ерекшелік блогерлік дискурстың тек ақпарат тарату емес, сонымен бірге өзін-өзі таныту және әлеуметтік ұстаным қалыптастыру құралы екенін дәлелдейді. Гендерлік бейнелер блогердің дискурсында ерікті түрде таңдалатын стиль ғана емес, оқырманмен қарым-қатынастың сипатын айқындайтын коммуникативтік стратегия ретінде көрініс табады. Осыған байланысты блогерлік дискурстағы гендерлік ерекшелік – оқырманның қабылдауына тікелей әсер ететін маңызды прагматикалық құрал.

Е. Bustan мен Н. Alakrash малайзиялық саяхатшы блогерлердің жазбаларын гендерлік тұрғыдан саралай келе, әйел блогерлердің мәтіндерінде сипаттамалық элементтердің мол екенін анықтады. Әйелдер көбінесе сезім мен эмоцияны жеткізуге бағытталса, ер блогерлер ақпаратты нақты әрі қысқа беруге бейім (2020, р. 6–7). Бұл айырмашылықтар блог жүргізудегі гендерлік рөлдердің тіл арқылы қалай құрылатынын көрсетеді. Әйелдердің дискурсында эмоционалды элементтер басым болуы олардың аудиториямен тығыз байланыс орнатуға ұмтылуымен түсіндіріледі, ал ерлер дискурсы рационалдылық пен ақпараттық бағытты көздейді. Осылайша, блогерлік дискурстағы гендерлік стильдер – мазмұн құрастыру мен оқырманмен өзара әрекеттесу тәсілінің маңызды құрамдас бөлігі.

Г. Иссина және авторлар Twitter желісіндегі микроблогтарды талдай отырып, блогерлердің гендерлік бірегейлікті қалай көрсететінін және өз ойын қалай жеткізетінін анықтаған. Зерттеу нәтижесінде гендерлік шектеулерді бұзып, гендерге бейтарап, барша оқырманға бағытталған стиль қалыптасып келе жатқаны байқалатындығын айтады (Issina, et al., 2023, р. 55–57). Бұл жағдай блогерлік кеңістіктің өзгермелі табиғатын және гендерлік дискурс нормаларының трансформациясын байқатады. Дәстүрлі гендерлік тілдік маркерлер әлсіреп, бейтараптық, инклюзивтілік ұстанымдары алға шыққанымен, бұл үрдіс блогерлер үшін тілдік өзіндік ерекшелікті көрсету мен даралықты білдіру жолдарын шектеуі мүмкін. Сондықтан блогерлік дискурстағы гендерлік ерекшеліктерді сақтай отырып, бейтараптық пен инклюзивтіліктің тепе-теңдігін сақтау — зерттеуші назарынан тыс қалмауы тиіс мәселе.

А. Qadi Lakoffтың «әйелдердің тілі» теориясын қолдана отырып, блогерлер тіліндегі гендерлік айырмашылықтарды сандық салыстырмалы әдіспен зерттеген. Зерттеу ер мен әйел блогерлерінің тілдік құралдарды (мысалы, эмпатиялық тіл, сенімсіздік білдіретін құрылымдар) қолдану жиілігіндегі айқын айырмашылықтарды көрсетеді және бұл айырмашылықтар мәдениетке де байланысты екенін алға тартады (Qadi, 2020). Блогерлік дискурста бұл ерекшеліктер гендерлік рөлдердің қалай ұсынылатынын, қалай қабылданатынын және қалай қалыптасатынын айқын көрсетеді. Тілдік құралдар – жай коммуникативтік бірлік ғана емес, блогердің гендерлік тұлғасын репрезентациялаудың негізгі тәсілдерінің бірі. Бұл зерттеу гендерлік лингвистиканың блогерлік контексттегі мәдениаралық өлшемін ашуға негіз болады.

W. Shahzad және авторлар пәкістандық әйел блогерлердің дискурстық ерекшеліктерін талдай келе, олардың блогтарында прогрессивті етістіктерді жиі қолданатынын, сондай-ақ бейресми, экспрессивті тілдік құрылымдарға бейім екенін көрсетеді. Авторлар әйел блогерлердің өзіндік стилі бар екенін және олардың дискурсы әйелдердің қоғамдағы рөліне қатысты көзқарастарды бейнелейтінін алға тартады (Shahzad, et al., 2024, р. 50). Блог жүргізу — әйелдер үшін әлеуметтік рөлдерді қайта ұсыну, гендерлік шектеулерді еңсеру мен тілдік дербестікті танытудың алаңы. Әйелдердің бейресми, экспрессивті дискурсы тек стильдік ерекшелік емес, сонымен қатар феминистік дискурс элементі ретінде де қарастырылады. Осыдан блогерлік дискурстағы гендерлік ерекшеліктің әлеуметтік маңыздылығы арта түседі.

J. Ravago және авторлар филиппиндік және қытайлық Facebook қолданушыларының келіспеушілік білдіру стратегияларын гендерлік тұрғыдан салыстырған. Зерттеу әйелдердің жиі жанама, жұмсартып жеткізу тәсілдерін пайдаланатынын, ал ерлер тікелей және түзетуші стратегияларға бейім екенін

көрсетеді (Ravago, et al., 2024, p. 318–320). Бұл ерекшелік блогерлік дискурста пікір білдіру мен қарсылық танытудың гендерге байланысты түрлі тәсілдермен жүзеге асатынын дәлелдейді. Әйелдер қолданатын жанама амалдар коммуникативтік этиканы сақтауға ұмтылыс болса, ерлер дискурсындағы тікелей экспрессия пікір білдірудің нақты формасын анықтайды. Бұл айырмашылықтар блогерлік кеңістіктегі гендерлік поляризацияны көрсетіп қана қоймай, оқырманмен сенімді диалог құру стратегиясына да әсер етеді.

F.R. Sullivan және авторлар онлайн ғылыми талқылауларда қолданылатын «гендерлік дискурстық стильдерді» зерттеді. Авторлар ерлер дискурсын тікелей, оппозициялық бағыттағы, ал әйелдер дискурсын жұмсақ, бейімделгіш стильде сипаттайды. Дегенмен, кейбір әйелдердің ерлерге тән дискурсты, ал кейбір ерлердің әйелдерге тән дискурсты қолдануы байқалады (Sullivan, et al., 2015, p. 489). Бұл құбылыс блогерлік дискурстағы гендерлік рөлдердің бинарлы емес, динамикалық әрі контекстке тәуелді екенін көрсетеді. Блогер өзін аудиториясының қабылдауына сай бейімдеп, гендерлік дискурстық шекараларды еркін құра алады. Мұндай құбылыстар гендерлік дискурстың әлеуметтік конструкция екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Жоғарыда талданған зерттеулер әлеуметтік желі дискурсында гендерлік факторлардың шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Әйел блогерлердің дискурсы эмоционалды, көркем және бейнелі болса, ерлердің жазбалары ақпараттық, нақты және бейтарап болып келеді. Бұл ерекшеліктер блогерлердің тілдік стилі мен коммуникациялық стратегиялары арқылы гендерлік бірегейліктің қалай көрініс табатынын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталған зерттеулер мәдениетаралық, прагматикалық және стилистикалық аспектілерді де назардан тыс қалдырмайды. Осы шолудан көрініп тұрғандай, гендерлік лингвистика Instagram желісіндегі саяхатшы блогерлер дискурсын зерттеудің маңызды теориялық және әдіснамалық негізін құрайды.

Алайда қолда бар ғылыми еңбектердің басым көпшілігі ағылшынтілді немесе шетелдік контекске бағытталғанын байқаймыз. Зерттеулердің көбі Малайзия, Қытай, Пәкістан, АҚШ және Еуропа елдеріндегі блогерлердің тілдік ерекшеліктерін сипаттауға бағытталған. Бұл жағдай әлеуметтік желідегі қазақ тілді блогерлердің дискурсы әлі де ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу нысанына айналмағанын көрсетеді. Осыған орай, Instagram желісіндегі қазақ тілді саяхатшы блогерлердің жазбаларын гендерлік лингвистика тұрғысынан зерттеу отандық лингвистика үшін өзекті әрі тың бағыттардың бірі болып табылады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Instagram желісінде танымал саяхатшы блогерлердің тілдік дискурсын гендерлік лингвистика тұрғысынан саралай отырып, ер және әйел авторлардың тілдік стилі мен коммуникация тәсілдеріндегі ерекшеліктерді анықтау. Зерттеу объектісі ретінде – саяхатшы блогерлердің Instagram желісіндегі жазбалары, ал зерттеу пәні ретінде – блогерлік дискурстағы тілдік стиль мен коммуникация тәсілдеріндегі гендерлік ерекшеліктер алынады.

Осылайша, зерттеу қазіргі медиакеңістіктегі гендерлік лингвистиканың жаңа қырларын ашуға, әлеуметтік желіде өзіндік тілдік тұлғасын қалыптастырған блогерлердің мәтіндері арқылы ер мен әйел дискурсының ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеуде Instagram әлеуметтік желісіндегі саяхатшы блогерлердің тілдік дискурсы гендерлік лингвистика тұрғысынан қарастырылды. Зерттеу нысаны ретінде Қазақстандағы танымал саяхатшы блогерлер – Асқар Беков (https://www.instagram.com/bekov_askar) пен Динара Болаттың (<https://www.instagram.com/dinarabolat>) Instagram парақшаларындағы жарияланымдары таңдалды. Бұл тұлғалар – әлеуметтік желіде белсенді, өзіндік аудиториясы қалыптасқан және түрлі стильдік-мазмұндық ерекшеліктерімен ерекшеленетін контент жасаушылар.

Материал ретінде 2023–2025 жылдар аралығында жарияланған 40 жазба алынды (әр блогерден 20 пост). Посттар арнайы іріктеу критерийлері бойынша таңдалды: (1) саяхат және мәдениет тақырыбындағы жазбалар; (2) эмоционалды немесе ақпараттық сипаттағы мазмұн; (3) оқырманмен диалог құру элементтері бар жазбалар (сұрақтар, үндеулер, кеңестер); (4) стилистикалық құралдар мен тілдік бейнелеу тәсілдерінің болуы; (5) хэштегтер, эмодзилер, фотосуреттермен немесе бейнематериалмен сүйемелденген жазбалар.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде сапалық контент-талдау, прагмалингвистикалық және дискурсивті талдау, сондай-ақ салыстырмалы лингвистикалық талдау әдістері қолданылды. Жинақталған мәтіндер келесі негізгі аспектілер бойынша зерттелді: тілдік стиль (ғылыми-көпшілік, публицистикалық, көркем және бейресми стильдердің қолданылуы), экспрессивтілік деңгейі (метафора, эпитет, риторикалық сұрақтардың болуы), коммуникативтік стратегиялар (ақпарат ұсыну, үндеу, сұрақ қою, кеңес беру), интерактивтілік (оқырманды тарту тәсілдері), семантикалық өрістер (тақырыптық лексика мен мазмұн), сондай-ақ гендерлік ерекшеліктер (субъективтілік, эмоционалдық бояу, рационалдық, нарратив құрылымы).

Гендерлік лингвистикалық талдау барысында зерттеуші G. Lakoff (1987), D. Tannen (1994), және A. Qadi (2020) секілді авторлардың теориялық модельдеріне сүйендік. Бұл зерттеулер әйелдер мен ерлердің тіл қолдануындағы айырмашылықтарды сипаттауда маңызды бағыттар ұсынды: мысалы, әйелдердің тілінде эмоцияға толы бағалауыштық формалар жиі қолданылса, ерлердің тілі объективтілік пен деректілікке негізделеді.

Осылайша, зерттеуде қолданылған әдістер блогерлердің тілдік дискурсын тек мәтіндік құрылым мен стиль тұрғысынан емес, сонымен қатар олардың гендерлік ерекшеліктерін де айқындауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Беков Асқар – Қазақстандағы танымал медиа-менеджер, саяхатшы, блогер. Оның әлеуметтік желідегі тілдік ерекшеліктері саяхат, тарих, мәдениет және фактілерге негізделген ақпараттарды ұсыну әдістері арқылы ерекшеленеді. Блогердің Instagram желісіндегі жазбалары аналитикалық, деректі әрі оқырманды қызықтыратын танымдық мазмұнға құрылған. Ол бейне контент арқылы ақпаратты ұсынудың заманауи тәсілдерін қолданады, ал мәтіндік бөлігінде көркемдік сипаттамадан гөрі нақты деректер мен оқиғаларға басымдық береді.

Беков Асқардың жазбалары бірнеше маңызды тілдік ерекшеліктерге ие:

1) Блогердің жазбалары ғылыми-көпшілік стильге жақын, өйткені ол нақты фактілерге сүйене отырып, аудиторияға маңызды тарихи және мәдени мәліметтерді ұсынады. Мысалы, 2025 жылғы 25 ақпандағы жазбасында: *«1973 жылы Римде Қазақстан дизайнерлері сән көрмесін өткізді. Қазақстаннан арнайы барған*

арулар ұлттық нақышпен әсемделген киім үлгілерін италиялықтарға паш етті. Бұл керемет сәттерді танымал италиян фотографы Виториано Растелли таспалады». Бұл мәтінде блогер ресми стильді сақтай отырып, нақты жылдар мен оқиғаларды атап көрсетеді. Жазбаның құрылымы журналистік стильге жақын, деректер қысқа әрі нұсқа берілген.

2) Беков Асқар көбіне ақпаратты қысқа әрі нақты беруге тырысады. Оның жазбаларында оқырманның эмоциясына әсер ету мақсатында артық эпитеттер немесе субъективті пікірлер сирек кездеседі. Мысалы, 2025 жылғы 12 ақпандағы жазбасында: *«Әлемдегі ең айбынды авианосецтердің бірін қазақ қызы жүргізіп-басқарғанын білетін бе едіңіз? Таныс болыңыздар – Жадыра Қабылқызы»*. Бұл жерде артық сипаттама жоқ, тек негізгі факт ұсынылған. Тілдік құралдар бейтарап, бірақ қызығушылық тудыру үшін риторикалық сұрақ қолданылған.

3) Блогердің жазбалары саяхат тақырыбына негізделгендіктен, оларда географиялық және тарихи мәліметтер жиі кездеседі. Мысалы, 2024 жылғы 20 мамырдағы жазбасында Дунай өзенінің статусын нақтылай отырып, оның бейтарап аймақ екенін атап өтеді: *«Жалпы Дунай ешбір елге тиесілі емес, бейтарап өзенге жатады. Сондықтан бұл өзенмен жүріп өтуге бәрінің құқығы бар»*. Бұл сөйлемде көркемдік немесе субъективті бағалау жоқ, тек дерек пен заңдылық берілген. Осы ерекшелігі арқылы блогер өз аудиториясына ақпаратты объективті түрде ұсынуға тырысады.

4) Беков Асқар жазбаларында оқырмандарды диалогқа тарту үшін риторикалық сұрақтар мен салыстыру тәсілін қолданады. Бұл тәсіл 2024 жылғы 27 желтоқсандағы жазбасынан көрінеді: *«Брюссель әлде Астана? Қай қаланың ЭКСПО-шары гажан?»*. Мұндай құрылым оқырмандарды пікір білдіруге ынталандырады. Автор бір жақты пікір білдірмей, аудиторияға таңдау қалдырады.

5) Блогердің жазбаларында хэштегтер белсенді қолданылады. Олар тақырыптық бағытты көрсетуге, жазбаның алгоритм арқылы көп адамға таралуына және ақпараттың құрылымдалуына ықпал етеді. Мысалы, 2024 жылғы 11 желтоқсандағы жазбасында: *«♀ Бұл жақта адамдардан гөрі белсебеттің саны көп. Сондай-ақ әлемдегі ең ұзын адамдар осы елде тұрады. #нидерланды #велосипед #қазақ #travel #eindhoven #netherlands»*. Блогер хэштегтерді тек сандық таргетинг үшін ғана емес, сонымен қатар мәтіннің семантикалық мазмұнын нақтылау үшін пайдаланады.

Беков Асқардың әлеуметтік желідегі тілдік ерекшеліктері оның медиа-менеджер және саяхатшы ретінде аудиториямен қарым-қатынас жасау стратегиясын айқын көрсетеді. Ол жазбаларында ғылыми-көпшілік стильді ұстанып, ақпаратты нақты әрі қысқа жеткізеді. Эмоционалдық бейтараптықты сақтай отырып, объективті деректерге сүйенеді. Сонымен қатар, оқырманмен интерактивті қарым-қатынас орнату үшін риторикалық сұрақтар мен салыстыру тәсілдерін қолданады. Бұл ерекшеліктер блогердің кәсіби медиаконтент жасаушы ретіндегі даралығын айқындап, оның аудитория арасында сенімді ақпарат көзі ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Динара Болат – журналист, медиа маманы, эстетикаға негізделген сапалы контент жасаушы блогер. «Соңына дейін әйел», «Өмірге шексіз ғашық» атты кітаптардың авторы. Динара Болаттың әлеуметтік желідегі жазбаларының тілдік ерекшеліктерін талдау оның медиа-мәтіндеріндегі стилистикалық, семантикалық және прагматикалық аспектілерді айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында блогер дискурсының бірнеше негізгі ерекшелігі анықталды: эмоционалды-

экспрессивтілік, эстетикалық бейнелілік, ұлттық-мәдени концептілерді салыстыру, деректік және интерактивтілік.

Динара Болаттың мәтіндерінде эмоционалды-экспрессивті стилистика басымдыққа ие. Ол оқырманмен тікелей байланыс орнатып, оларды белгілі бір сезімге бөлейді. Экспрессивтіліктің негізгі көріністері:

1) *«Мағынасы жып-жылы»* – бұл сөз тіркесі эмоцияны күшейту үшін интонациялық қайталаумен құрылған.

2) *«Жаңа сәттер мен әдемі сезімдер үшін алғыс, 2024!»* – мәтінде бағалауыштық мағына күшейтіліп, оқырманға жағымды әсер беру мақсаты қойылған.

3) *«Пандалардың айналасында бәрі сондай жып-жылы»* – «жып-жылы» сөзінің қайталануы сезімнің шынайылығын арттырады.

4) *«Келесі жыл, бұдан да әдемі бол!»* – автор жылға тілек арнай отырып, адам мен уақыт категориясы арасында метафоралық байланыс жасайды. Бұл әдістер оқырманды блогердің эмоциясына еліктетіп, мәтінді субъективті қабылдауға бағыттайды.

Динара Болат жазбаларында бейнелі сөз қолданысы жиі кездеседі. Ол қарапайым ақпарат берумен шектелмей, оны эстетикалық деңгейге көтереді:

1) *«Қытайға үш рет апарып, ол елдің ғарыш аяқ алысын, ғажайып табиғатын көрсетті»* – «ғарыш аяқ алысы» тіркесі елдің қарқынды дамуын бейнелеп, көркемдік сипат береді.

2) *«Нағыз өзіммен қалдырдың»* – уақыт концептісін субъект ретінде қарастырып, оны адамға теңейді.

Динара Болат бейнелі сөздер мен ұлттық концептілерді көркем жеткізе білетін журналист:

1) *«Yuki zuki yo – айлы аспан астындағы маужыраған қарлы түн»* – жапон тіліндегі сөздер поэтикалық сипатқа ие, мұнда табиғат құбылыстары мен адам эмоциясы астасып тұр.

2) *«Жапон тілінде кездесетін жылы мағыналы сөздерді ұсынамын»* – мұнда тілдік концептілер эстетикалық категория ретінде ұсынылады. Бұл ерекшеліктер автор дискурсының эстетикалық сипатын көрсетіп, оқырманның қабылдауында ассоциациялық байланыстар туғызады.

Динара Болат өз жазбаларында түрлі елдер мәдениетін салыстырып, оларды қазақ аудиториясына түсінікті форматта ұсынады:

1) *«Бұл қалада труппа да бар. Аса экстремалдар кәсіби фотоаппаратын арқалап Дейра, Аль-Карама аудандарын барып көрсе болады»* – Дубай туралы кең таралған стереотиптерді жоққа шығарған.

2) *«Қытай Жаңа жылынан үнділердің Холиіне, одан соң өзіміздің Наурызға аман, көңілді жетейік»* – түрлі мәдениеттердің мейрамдарын тізбектеу арқылы олардың ортақ эмоционалдық маңызын көрсеткен.

3) *«Boketto – еш мақсатсыз, ауыр ойларсыз алысқа қарап тұру»* – мұнда жапон мәдениетіндегі ой кешу концептісі қазақ тіліне аударып берген. Бұл тәсіл блогер дискурсының прагматикалық бағытын көрсетіп, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді байланыстыруға мүмкіндік береді.

Динара Болаттың тілдік ерекшелігінің тағы бір маңызды қыры – деректік мазмұн мен авторлық нарративтің үйлесімі:

1) *«Дубай халқының 80%-ы үнді, пәкістандықтар»* – деректік ақпарат нақты сандық көрсеткішпен беріледі.

2) «Қытайдың Ханчжоу қаласындағы 1 юань банкнотасында бейнеленген Сихоу өзені» – мәдениет пен экономиканы байланыстыратын дерек.

Динара Болаттың тілдік ерекшеліктері оның медиа-мәтіндеріндегі эмоциялық, эстетикалық және танымдық аспектілердің үйлесімділігімен ерекшеленеді. Ол экспрессивтілік пен көркемдік бейнелілікті қолданып, ұлттық-мәдени концептілерді интеграциялайды. Сонымен қатар, деректік ақпарат пен авторлық нарративті біріктіріп, оқырманмен интерактивті байланыста отырады.

Гендерлік лингвистика тұрғысынан қарастырғанда, саяхатшылар Динара Болат пен Асқар Бековтың жазбаларында айқын тілдік ерекшеліктер байқалады. Олардың тілдік құрылымы, стильдік таңдауы және экспрессивтілігі гендерлік айырмашылықтармен сипатталады. Ең алдымен, Динара Болаттың мәтіндерінде эмоционалдылық пен субъективтілік басым. Ол өз жазбаларында саяхаттың тек географиялық тәжірибе ғана емес, сонымен қатар рухани тереңдікке апаратын жол екенін көрсетеді: *«Менің намазым да, медитациям да саяхат дегенге бұрын кейбір адамдар ренжитін... Табиғат арқылы бізді құшақтап жан жарасын емдейді»*. Мұнда автор табиғатты тек көріп, тамашалау объектісі ретінде ғана емес, өзіндік ішкі жан дүниесін ұғынуға көмектесетін құрал ретінде бейнелейді. Бұл әйелдер дискурсына тән ерекшелік – сезім, ішкі түйсік пен рухани ізденісті алдыңғы қатарға шығару. Ал Асқар Бековтың мәтіндерінде ақпараттық құрылым басым. Ол нақты фактілерге сүйенеді, дәлдік пен статистикалық мәліметтерді қолданады: *«Мемлекетіміздің туын жасау байқауына 600 адам қатысқан. Солардың ішінен Шәкен Ниязбеков ұсынған ту үздік шыққан»*. Бұл ерлер дискурсына тән ерекшелік – хабарламалық стиль, объективтілікке ұмтылу және ресми ақпаратпен жұмыс істеу. Сонымен қатар, лексикалық ерекшеліктері де анық байқалады. Динара Болаттың жазбалары метафораларға, эпитеттерге бай: *«Құдай әрқайсымыздың ұсақ-түйек әңгіме, бекер қайғы, үй шаруасы секілді бір орында жер шұқып қалған күйімізден басымызды көтеріп, келесі деңгейге өтуімізді күтіп жүргендей»*. Бұл жерде көркем тіл, аллегориялық стиль қолданылған. Әйелдер дискурсында мұндай бейнелілік жиі кездеседі, өйткені олар көбіне оқырманның эмоциясына әсер етуді мақсат етеді. Керісінше, Асқар Беков нақты әрі тура сөйлеуді жөн көреді: *«Иорданияда жеген еттің дәмі тіл үйіреді. Бұдан асқан дәмді ет тек Қазақстанда бар шығар»*. Мұнда салыстыру бар, бірақ ол эмоционалдық тереңдікке емес, объективті пікірге негізделген. Сондай-ақ, Асқардың жазбаларында бағалауыштық сипат болса да, ол күнделікті тұрмыстық тәжірибеге сүйеніп, рационалды пайымдаулар жасайды.

Динара Болаттың жазбаларында экспрессивтілік ерекше көрінеді. Ол өзінің эмоциясын оқырманға жеткізу үшін бейнелі сөздер мен метафораларды жиі қолданады: *«ӨМІРДІ СҮЙСЕҢ МЕНШЕ СҮЙ. Күнделікті өмірде қу тірліктің бәрі маңызды. Алайда көңіл алдында бәрі де түкке тұрғысыз болуы керек. Құдай әрқайсымыздың ұсақ-түйек әңгіме, бекер қайғы, үй шаруасы секілді бір орында жер шұқып қалған күйімізден басымызды көтеріп, келесі деңгейге өтуімізді күтіп жүргендей»*. Бұл мәтінде автордың эмоционалдық әсер қалдыруға тырысканы байқалады. Оның қолданысында «қу тірлік», «бекер қайғы», «келесі деңгейге өту» секілді образды тіркестер бар. Мұндай стиль әйел дискурсына тән сипат болып табылады, себебі әйелдер көбіне оқырманмен эмоционалды байланыс орнатуға тырысады.

Ал Асқар Бековтың жазбасына назар аударсақ: *«Иорданияда жеген еттің дәмі тіл үйіреді. Бұдан асқан дәмді ет тек Қазақстанда бар шығар ☺ Тамақтарына көбіне қойдың етін пайдаланады. “Мансаф” сондай астың бірі»*. Мұнда ақпараттық


стиль басым. Автор эмоциясын білдіргенімен, ол негізгі назарды фактілерге аударып, оқырманға мәлімет беруге тырысады. Яғни, Динараның жазбаларымен салыстырғанда, бұл жерде субъективтілік төмен, ал объективтілік жоғары.

Динара Болат өз жазбаларында әлемді тануды рухани тәжірибемен байланыстырады: *«Менің намазым да, медитациям да саяхат дегенге бұрын кейбір адамдар ренжитін. Бірақ мен Жаратушы оның әрбір жаратқан жапырағы, тауы, тасы, суы арқылы бізбен күнде сәт сайын жанымызда екеніне көзім жетті»*. Бұл сөйлемдер оның саяхатты тек сыртқы тәжірибе ретінде емес, өзін-өзі табудың бір жолы ретінде қарастыратынын көрсетеді. Бұл әйелдерге тән рефлексиялық стильдің айқын көрінісі, өйткені әйелдер дискурсы көбіне ішкі сезімдер мен рухани ізденіске бағытталады.

Ал Асқар Бековтың жазбалары көбіне ақпараттық сипатта: *«Мемлекетіміздің туын жасау байқауына 600 адам қатысқан. Солардың ішінен Шәкен Ниязбеков ұсынған ту үздік шыққан»*. Бұл жерде автор нақты фактілерді тізбектейді, тарихи деректерді береді және оқырманды хабардар етуге басымдық береді. Яғни, оның дискурсы рационалдылық пен логикаға негізделген, бұл ерлер дискурсына тән сипат.

Динара Болат оқырманмен диалог жүргізуге бейім. Оның жазбаларында үндеу, кеңес беру, мотивациялық реңк байқалады: *«Бұл ғажап әлем біз үшін еді. Тек арманда, ұмтыл, жаса!»*. Ол оқырманды әрекетке шақырады, оқырманмен эмоционалды байланыс орнатады. Әйел блогерлердің жазбаларында мұндай мотивациялық стиль жиі кездеседі, себебі олар аудиториямен терең байланыс орнатуға ұмтылады.

Блогерлік контентті талдау олардың аудиториямен байланысу стратегиясын анықтауға мүмкіндік береді. Динара Болат пен Асқар Бековтің блогтары саяхат, танымдық ақпарат және жеке тәжірибе негізінде құрылғанымен, контент құрылымында айқын гендерлік айырмашылықтар байқалады (сурет).



Сурет. Саяхатшы-блогерлердің контент мазмұны

Динара Болаттың контентінде эмоцияға негізделген субъективтілік басым. Оның жазбалары мотивациялық сипатқа ие болып, оқырманды шабыттандыруға, өзін-өзі табуға және өмірді саналы сүюге бағытталады. Жеке өмірі (20%) мен мотивациялық жазбалары (20%) оның аудиториямен тығыз эмоционалдық байланыс

орнатуға ұмтылысын көрсетеді. Танымдық блогы (30%) мен саяхат жазбалары (30%) көбінесе өмірлік философиямен астасып, жеке тәжірибесі арқылы беріледі.

Асқар Бековтің блогы объективті ақпарат пен танымдық деректерге негізделген. Оның жазбаларының басым бөлігі (40%) тарихи-мәдени танымдық ақпаратқа арналады, ал саяхат контенті (40%) белгілі бір елдің мәдениеті мен ерекшеліктерін сипаттауға бағытталған. Жеке өмірі тек 10%-ды құрайды, бұл ер блогерлерге тән ақпараттық стиль мен оқиғаларды сипаттауға басымдық беретін ерекшелікті көрсетеді.

Осы салыстырмалы деректер негізінде саяхатшы блогерлердің тілдік дискурсында гендерлік айқын айырмашылықтар бары дәлелденеді. Әйел блогер – Динара Болаттың контентінде оқырманмен эмоционалдық үндестік орнатуға, рухани ізденіс пен эстетикалық әсерге негізделген стиль басымдыққа ие болса, ер блогер – Асқар Бековтің жазбаларында рационалдық, ақпаратқа құрылымдық тұрғыдан қарау, ресми және фактілік мәліметтерді ұсыну байқалады. Мұндай айырмашылықтар тек стильдік деңгейде ғана емес, блогерлердің аудиториямен байланыс орнату тәсілдерінде, мәтін мазмұны мен тақырыптық басымдықтарында да көрініс табады. Бұл гендерлік дискурстың әлеуметтік желідегі көрінісі тек тілдік ерекшелік емес, сонымен бірге блогердің өзіндік медиатұлғасын қалыптастыру құралы екендігін көрсетеді. Осылайша, гендерлік айырмашылықтар саяхат дискурсында тек мазмұнды ұйымдастыру формасына ғана емес, сонымен қатар қабылдаушы аудиториямен өзара әрекет тәсіліне де тікелей ықпал етеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Instagram желісіндегі саяхатшы блогерлердің дискурсында гендерлік айырмашылықтардың айқын көрініс табатынын дәлелдеді. Асқар Беков пен Динара Болаттың жазбаларын салыстыра отырып, олардың тілдік стилі мен коммуникация тәсілдерінде маңызды ерекшеліктер бар екені анықталды. Ер блогердің дискурсы көбіне ақпараттық, нақты деректерге негізделген, ресми стильге бейім болса, әйел блогердің дискурсы эмоционалды, бейнелі, эстетикалық тәсілдермен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер тек тілдік құрылыммен шектелмей, коммуникативтік стратегияларға, тақырыптық мазмұнға және аудиториямен өзара әрекет формасына да әсер етеді.

Зерттеу барысында қолданылған прагматикалық, дискурсивтік және салыстырмалы талдау әдістері арқылы блогерлік мәтіндердің тек құрылымдық емес, сонымен қатар мәдени-гендерлік қырлары да ашылды. Әйел блогердің жазбаларында эстетикалық экспрессия мен субъективтілік алдыңғы орынға шықса, ер блогер нақты ақпарат жеткізуге, деректік мәліметтерге басымдық береді. Бұл – гендерлік дискурс пен медиа кеңістіктегі тілдік репрезентацияның өзара тығыз байланысын көрсететін маңызды көрсеткіш.

Сонымен қатар, зерттеу әлеуметтік желідегі қазақ тілді блогерлік дискурсты гендерлік лингвистика тұрғысынан зерттеудің өзектілігін айқындайды. Бұған дейінгі зерттеулердің басым бөлігі шетелдік контекстке негізделгенін ескерсек, отандық медиадискурсты лингвистикалық тұрғыдан жүйелі түрде қарастыру – қазіргі қазақ тіл білімінің маңызды бағыттарының бірі болуы тиіс.

Алынған нәтижелер болашақта гендерлік дискурстың прагматикалық, мәдени және әлеуметтік аспектілерін тереңірек зерттеуге, сондай-ақ блогерлік мәтіндерді тіл үйрету, медиасауаттылық пен сыни ойлауды дамытуда қолдануға теориялық және практикалық негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Ерғалиев Қ.С., Сеитова Н.С. Интернет-мем ерекшеліктері // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі. 2024. № 1. С. 62–72.
<https://doi.org/10.52301/2957-5567-2024-1-12-22>
- Курманбекова З.Р. Әлеуметтік желі тілінің лингвостилистикалық сипаты // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. 2024. №1(146). С. 98–109.
<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-98-109>
- Салқынбай А., Сарсенбай Ж. Әлеуметтік желідегі тілдік қолданыстар: норма және узус // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. 2023. №70(3). С. 213–231. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.015>
- Amir, Z., Abidin, H., Darus, S., & Ismail, K. (2012). Gender differences in the language use of Malaysian teen bloggers. *GEMA Online Journal of Language Studies*, 12, 105–124. https://journalarticle.ukm.my/3266/1/pp_105_124.pdf
- Argamon, S., Koppel, M., Pennebaker, J. W., & Schler, J. (2007). Mining the Blogosphere: Age, gender and the varieties of self-expression. *First Monday*, 12(9).
<https://doi.org/10.5210/fm.v12i9.2003>
- Bustan, E., & Alakrash, H. (2020). Gender Analysis Amongst Male and Female Malaysian Travelling Bloggers. *The International Journal of Academic Research in Business and Social Sciences*, 10(6), 1–9. <https://doi.org/10.6007/ijarbss/v10-i6/7256>
- Eckert, P., & McConnell-Ginet, S. (2013). *Language and gender*. Cambridge University Press.
- Haas, A. (1979). Male and female spoken language differences: Stereotypes and evidence. *Psychological Bulletin*, 86(3), 616–626.
- Holmes, J., & Meyerhoff, M. (Eds). (2008). *The handbook of language and gender* (vol. 25). Hoboken, NJ: Wiley. <https://doi.org/10.1002/9780470756942>
- Iskakova, K., & Kurmanova, B. (2024). Factors of Formation of Virtual Linguistic Personality in the Kazakhstani Blogosphere. *Tiltanym*, 3(95), 209–223.
<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-209-223>
- Issina, G., Beissembayeva, A., & Ekici, M. (2023). Gender identity in social space: linguistic ways of self-expression in Twitter microblogs. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 143(2), 53–60.
<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-53-60>
- Lakoff, G. (1975). Hedges: A study in meaning criteria and the logic of fuzzy concepts. In: *Contemporary research in philosophical logic and linguistic semantics*. Dordrecht: Springer, 221–271. https://doi.org/10.1007/978-94-010-1940-7_9
- Lakoff, G. (1987). *Women, fire, and dangerous things*. Chicago: The University of Chicago Press.
- Qadi, A. (2021). Gender variations in language use by male and female bloggers: A corpus-based comparative analysis. *Journal of Educational Research and Reviews*, 9(9), 247–263. https://doi.org/10.33495/jerr_v9i9.21.139
- Ravago, J., Arvin V. De Roxas, J., Torres, J., Casipit, D., & Reyes, M. (2024). Cross-Cultural Gender-Based Investigation of Filipino and Chinese Facebook Users' Disagreement Strategies. *Qubahan Academic Journal*, 4(2), 297–323.
<https://doi.org/10.48161/qaj.v4n2a538>
- Shahzad, W., Ali, T., Farooq, M.A., & Fatima, I. (2023). A Study of Women's Language Features in Pakistani Female Bloggers. *Qlantic Journal of Social Sciences and Humanities*, 5(1), 37–51. <https://doi.org/10.55737/qjssh.307854515>

- Shokym, G.T., Zhumasheva, K.B., Khassanov, G.K., Azhgaliyev, M.K., Sultangaliyeva, R.B., Ramanova, A.A., & Gabdesheva, A.E. (2022). Images of men and women in the mirror of gender metaphors. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 8(2), 272–282. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.911560>, <https://ejal.info/menuscrypt/index.php/ejal/article/view/335/81>
- Sullivan, F.R., Kapur, M., Madden, S., & Shipe, S. (2015). Exploring the Role of ‘Gendered’ Discourse Styles in Online Science Discussions. *International Journal of Science Education*, 37(3), 484–504. <https://doi.org/10.1080/09500693.2014.994113>
- Tannen, D. (1994). The relativity of linguistic strategies: Rethinking power and solidarity in gender and dominance. In: D. Tannen (ed.), *Gender and discourse*. Oxford: Oxford University Press, 19–52.
- Trudgill, P. (1972). Sex, covert prestige and linguistic change in the urban British English of Norwich. *Language in Society*, 1(2), 179–195. <https://doi.org/10.1017/S0047404500000488>
- Zhanzhigitov, S. (2024). Gender linguistics: analysis of scientific publications in Scopus. *Bulletin of the Eurasian Humanities Institute*, 3, 16–29. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.02>

References

- Amir, Z., Abidin, H., Darus, S., & Ismail, K. (2012). Gender differences in the language use of Malaysian teen bloggers. *GEMA Online Journal of Language Studies*, 12, 105–124.
- Argamon, S., Koppel, M., Pennebaker, J.W., & Schler, J. (2007). Mining the Blogosphere: Age, gender and the varieties of self-expression. *First Monday*, 12(9). <https://doi.org/10.5210/fm.v12i9.2003>
- Bustan, E., & Alakrash, H. (2020). Gender Analysis Amongst Male and Female Malaysian Travelling Bloggers. *The International Journal of Academic Research in Business and Social Sciences*, 10(6), 1–9. <https://doi.org/10.6007/ijarbss/v10-i6/7256>
- Eckert, P., & McConnell-Ginet, S. (2013). *Language and gender*. Cambridge University Press.
- Ergaliev, Q.S. & Seitova, N.S. (2024). Internet-mem erekshelikteri [Features of Internet memes]. *Til jäne ädebiet: teorıyası men täjirıbesi. Language and Literature: Theory and Practice*, 3(1), 62–72. (in Kaz.) <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2024-1-12-22>
- Haas, A. (1979). Male and female spoken language differences: Stereotypes and evidence. *Psychological Bulletin*, 86(3), 616–626.
- Holmes, J., & Meyerhoff, M. (Eds). (2008). *The handbook of language and gender* (vol. 25). Hoboken, NJ: Wiley. <https://doi.org/10.1002/9780470756942>
- Iskakova, K., & Kurmanova, B. (2024). Factors of Formation of Virtual Linguistic Personality in the Kazakhstani Blogosphere. *Tiltanym*, 3(95), 209–223. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-209-223>
- Issina, G., Beissembayeva, A., & Ekici, M. (2023). Gender identity in social space: linguistic ways of self-expression in Twitter microblogs. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 143(2), 53–60. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-53-60>
- Kurmanbekova, Z.R. (2024). Aleumettik jeli tilinin lingvostilistikalyk sipaty [Linguostylistic features of social media language]. *L.N. Gumilev atyndagy*

- Evraziya ul'tyik universitetinin Habarshysy. Filologiya seriyasy*, 1(146), 98–109. (in Kaz.). <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-98-109>
- Lakoff, G. (1975). Hedges: A study in meaning criteria and the logic of fuzzy concepts. In: *Contemporary research in philosophical logic and linguistic semantics* (pp. 221–271). Dordrecht: Springer. https://doi.org/10.1007/978-94-010-1940-7_9
- Lakoff, G. (1987). *Women, fire, and dangerous things*. Chicago: The University of Chicago Press.
- Qadi, A. (2021). Gender variations in language use by male and female bloggers: A corpus-based comparative analysis. *Journal of Educational Research and Reviews*, 9(9), 247–263. <https://doi.org/10.33495/jerr.v9i9.21.139>
- Ravago, J., Arvin V. De Roxas, J., Torres, J., Casipit, D., & Reyes, M. (2024). Cross-Cultural Gender-Based Investigation of Filipino and Chinese Facebook Users' Disagreement Strategies. *Qubahan Academic Journal*, 4(2), 297–323. <https://doi.org/10.48161/qaj.v4n2a538>
- Salkynbai, A., & Sarsenbai, Zh. (2023). Aleumettik zhelidegi tildik koldanystar: norma zhane uzus [Linguistic practices in social media: norm and usage]. *Abylai Khan atyndagy Kazak Halykaralyk katynastar zhane alem tilderi universitetinin Habarshysy*, 70(3), 213–231. (in Kaz.). <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.015>
- Shahzad, W., Ali, T., Farooq, M. A., & Fatima, I. (2023). A Study of Women's Language Features in Pakistani Female Bloggers. *Qlantic Journal of Social Sciences and Humanities*, 5(1), 37–51. <https://doi.org/10.55737/qjssh.307854515>
- Shokym, G.T., Zhumasheva, K.B., Khassanov, G.K., Azhgaliyev, M.K., Sultangaliyeva, R.B., Ramanova, A.A., & Gabdesheva, A.E. (2022). Images of men and women in the mirror of gender metaphors. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 8(2), 272–282. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.911560>
- Sullivan, F. R., Kapur, M., Madden, S., & Shipe, S. (2015). Exploring the Role of 'Gendered' Discourse Styles in Online Science Discussions. *International Journal of Science Education*, 37(3), 484–504. <https://doi.org/10.1080/09500693.2014.994113>
- Tannen, D. (1994). The relativity of linguistic strategies: Rethinking power and solidarity in gender and dominance. In: D. Tannen (Ed.), *Gender and discourse*. Oxford: Oxford University Press, 19–52.
- Trudgill, P. (1972). Sex, covert prestige and linguistic change in the urban British English of Norwich. *Language in Society*, 1(2), 179–195. <https://doi.org/10.1017/S0047404500000488>
- Zhanzhigitov, S. (2024). Gender linguistics: analysis of scientific publications in scopus. *Bulletin of the Eurasian Humanities Institute*, 3, 16–29. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.02>

К.Б. Жумашева*Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова**Уральск, Казахстан***М.К. Ажгалиев***Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет**Уральск, Казахстан*

ГЕНДЕРНЫЙ ДИСКУРС: ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫКОВОГО СТИЛЯ И КОММУНИКАТИВНЫХ СТРАТЕГИЙ ТРЭВЕЛ-БЛОГЕРОВ В СЕТИ INSTAGRAM

Аннотация. В данной статье рассматривается языковой дискурс тревел-блогеров в социальной сети Instagram с позиций гендерной лингвистики. В качестве объекта исследования выбраны публикации известных казахскоязычных блогеров — Аскара Бекова и Динары Болат. Анализируются языковая специфика их блогов, коммуникативные приемы и стилистические особенности. В исследовании использованы методы качественного контент-анализа, прагмалингвистического и сравнительного лингвистического анализа. В результате исследования установлено, что тексты блогера-мужчины характеризуются официальным, информативным стилем, основанным на точных объективных фактах, тогда как в дискурсе блогера-женщины преобладают субъективная эмоциональность, эстетическая образность и интерактивное взаимодействие с аудиторией. Языковые особенности авторов обусловлены не только гендерными факторами, но и прагматическими и культурными аспектами медиатекста. Также выявлено, что способы взаимодействия с аудиторией и выбор тематики соответствуют гендерным моделям коммуникации. Исследование позволяет раскрыть гендерные аспекты казахскоязычного блогерского дискурса в социальной сети Instagram и способствует формированию нового направления в отечественной лингвистике. Работа направлена на выявление особенностей языковой идентичности в социальных сетях и расширяет прикладной и междисциплинарный потенциал гендерной лингвистики и медиакommunikации.

Ключевые слова: гендерная лингвистика, медиадискурс, казахстанские тревел-блогеры, языковой стиль, коммуникативные стратегии, социальные сети.

K.B. Zhumasheva*M. Utemisov West Kazakhstan University**Uralsk, Kazakhstan***M.K. Azhgaliyev***West Kazakhstan Innovative-Technological University**Uralsk, Kazakhstan*

GENDER DISCOURSE: FEATURES OF LINGUISTIC STYLE AND COMMUNICATIVE STRATEGIES OF TRAVEL BLOGGERS ON INSTAGRAM

Abstract. This article examines the linguistic discourse of travel bloggers on the social media platform Instagram from the perspective of gender linguistics. The study focuses on the posts of well-known Kazakh-speaking bloggers Askar Bekov and Dinara Bolat. It analyzes the linguistic features of their blogs, communicative techniques, and

stylistic characteristics. The study employs methods of qualitative content analysis, pragmalinguistic analysis, and comparative linguistic analysis. The findings reveal that the male blogger's texts are characterized by a formal, informative style based on precise and objective facts, whereas the female blogger's discourse is marked by subjective emotionality, aesthetic imagery, and interactive engagement with the audience. The linguistic features of the authors are influenced not only by gender factors but also by the pragmatic and cultural aspects of the media text. The study also reveals that the methods of audience engagement and the choice of topics align with gender-based communication patterns. The study offers insight into the gender-specific aspects of Kazakh-language blogging discourse on Instagram and contributes to the development of a new direction in national linguistics. It aims to identify the features of linguistic identity in social networks and expands the applied and interdisciplinary potential of gender linguistics and media communication.

Keywords: gender linguistics, media discourse, Kazakhstani travel bloggers, linguistic style, communicative strategies, social media.

Авторлық үлестер

Жумашева К.Б. – концептуалдау, формалды талдау, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау.

Ажғалиев М.К. – хат жазу – бастапқы жоба, визуалдау.